

ескерткіштер жинағана еңбеген. Оған, Төрткүл ауыл округіндегі, ортағасырлық – Төткүлтөбе ескерткішін жатқызуға болады. Қазіргі осы ескерткіштің сақталу күйіне қарасақ, оның бір шетінің топырағы бұзылып алынған. Осы және басқада көптеген ескерткіштер археологиялық зерттеулерді, сондай-ақ, мемлекет тарапынан өз деңгейінде қорғалуды қажет етеді. Қазіргі уақыттағы, Ордабасы ауданындағы тарихи ескерткіштердің зерттелу және сақталу мәселелеріне байланысты ұсынысым:

- 1) археологиялық ескерткіштерге барлау жұмыстарын жүргізу, анықтау және тіркеу;
- 2) археологиялық ескерткіштердің сақталу деңгейін мемлекет тарапынан қамтамасыз ету;
- 3) ескерткіштерге консервациялық және реставрациялық іс-шаралар жүргізу.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі / Қазақстанның демографиялық жылнамалығы 2009. – Астана, 2010. – 522 б.
2. Оңтүстік Қазақстан энциклопедиясы. – Алматы, 2015. – 565 б.
3. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедиясы / Бас ред. Б. Аяған. 7 том. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2005. – 728 б.
4. Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. – Алматы, 1994. – 367 с.
5. Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша 2008 жылғы Археологиялық зерттеулер жайлы есеп. – Алматы, 2009. – 268 б.
6. Қаназарұлы Ш., Сейтжанов М.Ж. Қазақ бірлігінің бастауы. – Ордабасы- Шымкент: АЗИАТ, 2013. – 288 б.

#### **Ибраһим ата кесенесіне**

Семсерхан Алтын

Ғылыми жетекшісі: PhD доктор, доцент Кенжеғали Ж.М  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Киелі жер дегеніміз не? Өз басым келесі үш ойды айтқым келіп отыр: кейбіреулерінің сенімдері бойынша тілек-армандары орындалатын жер. Біреулер үшін діншіл адамдардың ғибадат ететін орыны. Біреулер үшін киелі адамның өмір сүрген мекені немесе мазары. Барлық пікірлердің астында шыңдығы бар. Бірінші ой тілек-арман дедік. Бұл, тілек тіледің енді ол орындалады деген сөз емес. Осындай сапарда болған адам қандай да бір үмітпен, мотивациямен, жақсы көңілмен оралады. Психикалық жағдайы жақсы, тұрақталған адамның өзінің алдына қойған мақсаттарының орындалу мүмкіншілігі жоғарылайды. Екінші пікір туралы айтсақ, ол әрине дін. Көптеген ғасырлар бойы дін адамзат өмірінде өте жоғары рөл атқарды. Дін адамның тілегі мен арманының тумасы деп білемін. Жүрегінде арман мен тілек ұялаған пенденің қандай да бір жаратушыға деген сенімі пайда болады. Осы сенімді сұрау, дұға оқу арқылы көрсетеді. Дұғаларды оқитын немесе басқа діншіл азаматтың оқып беру орындарынан мешіттер, шіркеулер және ғибадатханалар пайда болады. Осылайша адамдардың қолымен басқа адамдарда киелі санайтын жерлер дүниеге келеді. Үшінші пікір осы киелі орындардың немесе діндердің негізін салушылары. Яғни киелі дүниенің негізін салушыға қатысты дүниелердің автоматты түрде «киелі» деген атаққа ие болуы: тұрған үйі, қаласы, киген киімі, жеген асы, су ішкен бұлағы тіпті сөзі. Осы мақаламды осы үшінші пікір аумағында өрбіткім келіп отыр. Қазақ жері киелі орындарға бай мемлекет. Әлемде жер аумағы бойынша тоғызыншы орында болғандықтан басқаша болуы мүмкін емес. Көптеген халықтың тағдыры түйіскен жеріміздің киелі орындарының бірі-Ибраһим ата кесенесі. Сайрам қаласының солтүстік-шығысында орналасқан бұл кесене сопылық ілімнің уағыздаушысы Қожа Ахмет Яссауидің әкесі шейх Ибраһимнің мазарының үстіне салынған екен. Ауданы 7.2\*7.2м, биіктігі 8.25м болатын шаршы тәріздес ғимарат. XII-XIV ғасырларда

салынған бастапқы құрылысы көп ұзамай XVI ғасырда құлап қалады. XIX ғасырда кесене қалпына келтіріліп қайтадан салынады. Бірнеше реставрациядан өткен. Кесене шығыстық күмбезді ескерткіштер қатарына жатады. XX ғасырдың басында түсіп кеткен күмбезі төрт көлбеулі конус тәрізді күмбезбен алмастырылады. [1,432]

Ибраһим көріпкел,әулие адам болған деседі.Өз заманының діни тұрғыдан алып тұлға саналған,осы аймақтарға танылған уағызшы болған жанның көпшіліктің құрметіне, мойындаушылығына лайық, кенелген адам екені даусыз. Сопылық ілімді таратқан, бақсылық, әулиелік қасиеттері барлығына сенген халық табынған тұлға. Орта ғасырларда ислам дінін насихаттаудың орталықтарының біріне айналған көне Сайрамда діни ұстаздар мен ғұламалар пайда болды. Солардың бірі-Ибраһим ата көптеген мүриттерге ұстаз болып,бағыт-бағдар берді. Діни көсем, осы аймақтарға әйгілі уағызшы болған Ибраһим ата текті отбасынан шыққан, әрі табысты жер өңдеуші болған. Халық арасында уағызшының әулиелік қабілеті жайлы түрлі аңыздар тараған. Ибраһим ата мұқтаж жандарға көмектесті, тақуалық өмір кешті, мыңдаған адамдарға ислам діні уағыздады.

Жоғарыда айтып кеткендей кесене Ибраһим атаның қабірінің үстіне салынған. Реставрациялардың бірінде кесене төбесін ақ жапырақты қаңылтырмен қаптап, ортасына сүйір ұшты мұнара орнатылды.Кесене жер бетінде «киелі» деген атаумен халықтың түпкі мәдениетіне сіңісіп кетті. Халық арасында рухани азық пен күш-жігер,адасқанға жол бағыттайтын, қаңғырғанға пана,ауруға емші болатын киелі, қасиетті, әулиелі жер болып саналады.

Көбісі осы кесененің бар екенің білмей жатады. Туризм жайлы сөз қозғау ұяттау. Шетелді қойғанда өзіміз бұл кесене жайлы білуіміз шамалы. Өзімізге бірінші кезекте таныстыру керек. Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне барып тұрып, тиіп тұрған Ибраһим атаның кесенесін көрмей кету адамдардың білмегендігінен болады. Сол себепті жас ұрпаққа мектеп жасынан ағартушылық жұмыстарының үдеуін қалар едім. Бұл мектеп оқулықтарын жаңартумен қатар қосымша оқушылардың инициациясымен өтілетін қосымша сабақтар. Бұл сабақтарда тек қана кітап оқымай әртүрлі сайыстар өткізе қызық болады. Ғылыми конференциялар, аудитория алдында өз ойларымен бөлісу оқушылардың қызығушылығын арттырады.

Біздің елімізде кесенелер айтарлықтар танымалдылыққа ие емес. Кесенелерге лайықты дәреже берілмей отыр деп есептеймін. Былай қарап отырсаңыз біздің елімізде осындай мәдениет, көне мәдениетке жеткілікті көңіл бөлінбей отыр. Бұл кесенені көбісі білсе,көбісі білмейді. Көптеген елдер өздерінің көне сәулет өнерімен мақтанады: соборлар, ғибадатханалар. Және де сол елдер осы туындыларды әлемге көрсету арқылы өз мәдениеттерін таныстырып қана қоймай, туристер есебінен өздерінің елінің экономикасын көтеріп отыр. Қазақстан туристер қызығарлық тропиктік климаттық белдеуде орналаспа да, туризмді мәдениет есебінен көтеруге болады деп ойлаймын. Барлығына жағымды әсер әкелетін бұл процесс Ибраһим атаның кесенесіне қолайлы жағдай жасалуы, қонақтарға қолайлы жағдай жасаулары арқылы көмектеседі. Қандай керемет болады. Көптеген адамдардың жан дүниесіне көмектесіп, септігін тигізер еді деген ниеттемін.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005
- 2.[https://qazir.kz/article/Ibrahim\\_ata\\_qesenesi](https://qazir.kz/article/Ibrahim_ata_qesenesi)
- 3.<https://assembly.kz/analitika/aza-stanny-kieli-zherlerin-t-geldeu-turizmdi-damytady/>
4. [https://www.kondor-tour.kz/turkestan\\_svyashenii\\_kazakh](https://www.kondor-tour.kz/turkestan_svyashenii_kazakh)
5. <https://kazislam.kz/eislam-118/>